



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №47 (10 302)

● 28 қараша

● жұма

● 2025 жыл

● aksuoniri@mail.ru

AQORDA ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРІКМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сердар Бердімұхамедовке ықылас танытып, ризашылық білдірді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздерге дейін Ақордада Түрікменстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берді. Екі елдің өнұрандары шыққан соң президенттер келіссөз өтетін залға барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Түрікменстанды стратегиялық серіктес және бауырлас мемлекет санайтынын жеткізді.

— Бізді ғасырлардан жалғасып келе жатқан достық, ортақ тарих, тіл мен мәдениет біріктіреді. Мемлекеттеріміз арасындағы сауда-саттық, экономикалық ықпалдастықтың басқа да түрлері және мәдени-гуманитарлық байланыстар қарқынды дамып келеді. Екі ел серіктестігінің ауқымы мен сапасына көңіліміз толады деп айтуға негіз бар. Бұл ынтымақтастық стратегиялық сипатқа ие. Дегенмен алға қадам басу қажет. Күн тәртібінде өте маңызды мәселелер тұр. Бүгін олардың шешімін бірлесіп табамыз деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны және қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

— Сізге түрікмен халқының Ұлт көшбасшысы, құрметті Гурбангулы Мяликгулиевіч Бердімұхамедовтің сәлемі мен ізгі тілегін жеткізуге рұқсат етіңіз. Бүгінде Түрікменстан мен Қазақстанның қарым-қатынасы достық, бауырластық және тату көршілік қағидаттары негізінде дамып келеді. Өзара ықпалдастығымыз саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды, — деді Түрікменстан Президенті.

Бұдан кейін келіссөздер екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-логистикалық ықпалдастық мәселелері қарастырылды. Энергетика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығы, IT, білім беру және медицина салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруын қабыл алып, Астанаға мемлекеттік сапармен келгені үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтты.

— Қазақ пен түрікмен — ежелден достығы қарасақ туыс халықтар. Біздің тарихымыз және мақсат-мұратымыз — ортақ, мәдени-рухани құндылықтарымыз — бір.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Сердар Бердімұхамедовтің қазақ жеріне мемлекеттік сапарының мәні айрықша деп санайтынын, Түрікменстан — Қазақстан үшін маңызды әрі сенімді серіктес, бауырлас ел екенін атап өтті.

— Қос халықты шынайы достық, ортақ тарих пен рухани-мәдени құндылықтар біріктіреді. Осындай мызғымас тұғыры бар қарым-қатынасымыз стратегиялық әріптестік рухында қарқынды дамып жатыр. Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог қалыптасты. Сауда-экономика саласындағы байланыс жылдан жылға күшейіп келеді. Мәдени-гуманитарлық бағыттағы ықпалдастық нығая түсті. Біз аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысып келеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Сердар Бердімұхамедов пен бауырлас түрікмен халқын Түрікменстанның тұрақты бейтараптығының 30 жылдығымен құттықтады.

— Бейтарап саясат жүргізу Түрікменстанның халықаралық аренадағы беделін биіктетіп, бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік қағидаттарына бейіл екенін көрсетті, — деді Мемлекет басшысы.

Президент келіссөздер барысында екіжақты күн тәртібінің кең көлемді мәселелері талқыланып, ықпалдастықтың басым бағыттары белгіленгенін жеткізді. Әуелгі кезекте сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аударылды.

Біз Түрікменстанмен ынтымақтастықты тату көршілік және өзара қолдау рухында барынша нығайтуға айрықша мән береміз. Жарқын болашаққа бірге қадам басу үшін күш жұмылдырамыз. Бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін стратегиялық серіктестікті нығайта түсеміз. Мен бұған көміл сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті екі ел арасында барлық деңгейде белсенді әрі табысты байланыс орнағанын атап өтті. Үкіметтеріміз жүйелі жұмыс жүргізіп, ведомствоаралық байланыс нығайтып келеді. Елдеріміз көпжақты құрылымдар аясында нәтижелі қарым-қатынас жасайды.

Мемлекет басшысының айтуынша, Астана мен Ашхабадтың өңірлік, халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша көзқарастары мен ұстанымдары ұқсас.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер барысында сауда-экономикалық ықпалдастыққа айрықша назар аударды. Соңғы 5 жылда өзара сауда көлемі 4 еседен асып, жарты миллиард долларға дейін ұлғайды.

Қазақстанда түрікмен капиталы бар 140-қа жуық компания табысты жұмыс істейді. Осы арқылы аталған кәсіпорындар экономикалық байланысты нығайтуға зор үлес қосып келеді. Қазақстанның Түрікменстанға құйған инвестициясы 120 миллион доллардан асты.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық байланыстың даму қарқынына тоқталды. Президент екі елдің мәдениетін күндерін алма-кезек өткізу, көрнекті қайраткерлердің ескерткіштерін ашу шаралары қос халықтың мәдени-рухани

мұрасына айтарлықтай үлес қосады деп санайды.

Сердар Бердімұхамедов Қазақстан мен Түрікменстанды Орталық Азиядағы стратегиялық серіктес мемлекеттер деп атады.

— Мемлекеттерімізді ұрпақтан ұрпаққа аманат болып, көзіміздің қарашығындай сақтап келе жатқан ортақ тарихи тамырластық, мәдени-рухани ұқсастық, салт-дәстүріміздің жақындығы секілді құндылықтар біріктіреді. Саяси-дипломатиялық салада Түрікменстан мен Қазақстан жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша сындарлы ықпалдастық орнатқан. Атап айтқанда, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, энергетикалық тұрақтылықты нығайту, көлік байланысын ілгерілету, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және климат өзгерісіне қарсы күрес мәселелері бойынша ұстанымдарымыз ортақ, — деді Түрікменстан Президенті.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Түрікменстан Президентінің елімізге сапары екіжақты ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашып, достық пен стратегиялық серіктестікті нығайтуға тың серпін беретініне тоқталды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов Бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегация мүшелері мынадай құжаттарды алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен

Түрікменстан Үкіметі арасында мәдени-гуманитарлық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Түрікменстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі арасында зейнетақымен қамтамасыз ету саласы бойынша ақпараттық ықпалдастық туралы келісім;

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Түрікменстанның Әділет министрлігі арасында құқықтық саладағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі арасында ветеринария саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы мен Түрікменстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі Астық дақылдары ғылыми-зерттеу институты арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

7. Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасында көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары;

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Түрікменстанның Денсаулық сақтау және медициналық өнеркәсіп министрлігі арасындағы ынтымақтастықты дамытудың 2026-2027 жылдарға арналған негізгі іс-шаралар жоспары;

9. Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы әкімдігі мен Түрікменстанның Балқан уәлаяты әкімшілігі арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

10. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Түрікменстанның Ғылым академиясы арасында ғылым саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум;

11. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені» ШЖҚ РМК мен Түрікменстанның Телевизия, радио хабар тарату және кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті арасында ақпараттық сала бойынша ынтымақтастық туралы келісім.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді



— Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында елдеріміз арасындағы тауар айналымы жыл сайын жарты миллиард доллардан асады. Биылғы көрсеткіштерге де көңіл толады. Құрметті Түрікменстан Президентімен бірге өзара сауда көлемін бір миллиард долларға дейін ұлғайту үшін қажетті шараларды қолға аламыз. Осы мақсатта Қазақстан тауар айналымын ұлғайту жөніндегі жұмыс жоспарын қабылдауды ұсынды. Екі елдің бизнес өкілдерін қолдау үшін Сауда үйлерін ашу туралы шешім қабылдадық. Сондай-ақ қос мемлекеттің қалалары арасында тікелей коммерциялық әуе рейстерін ашу мәселесін қарастыруға келістік, — деді Президент.

Қазіргі уақытта көлік-транзит саласы стратегиялық басымдыққа ие. Бұл орайда Солтүстік — Оңтүстік көлік дәлізінің маңызды буыны ретінде Қазақстан — Түрікменстан — Иран теміржол бағдары ерекше рөл атқарады.

— Биыл он айда тасымал көлемі бір жарым миллион тоннаны құрап, 14 пайыз ұлғайды. Тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік үдерістерді жеңілдету шаралары қабылданды. Шекара маңының инфрақұрылымы белсенді түрде дамып, өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Түрікменбашы — Гарабогаз — Қазақстан шекарасы бағыты бойынша жол инфрақұрылымдарын ұштастыру мәселесі біртіндеп шешілуде. Контейнерлік тасымалды жандандыру үшін Каспийдегі Ақтау, Құрық, Түрікменбашы порттарының көлік-

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сердар Бердімұхамедов БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді

(Соңы. Басы 1 - бетте).

логистикалық әлеуетін толық пайдалануға уағдаластық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан бөлек, келіссөздер барысында Ауғанстан арқылы өтетін Оңтүстік Азия бағытындағы теміржол желісін тарту перспективасы қарастырылған.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы ықпалдастықтың маңызды саласы саналатынына тоқталды.

— Қазақстан бидайын түрікмен нарығына жеткізу көлемін арттыруды егжей-тегжейлі талқылады. Сонымен қатар өсімдік майы, макарон және ет-сүт өнімдерінің экспортын ұлғайтуға мүмкіндігіміз бар. Түрікменстан-Ауғанстан шекарасында астық терминалын салу перспективасын пысықтадық, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, энергетика саласындағы бірлескен жобаларға баса мән берілген. Қазақстан түрікмен газын Қытайға тасымалдауда ұзақ жылдар бойы сенімді серіктес болып келеді. Бүгінгі келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар газды қайта өңдеу, көгілдір отын жеткізетін инфрақұрылымды дамыту жобалары аясындағы ықпалдастықты жалғастыруға уағдаласқан. Оған былтыр қол қойылған Газ саласын дамыту бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім негіз бола алады.

Еліміз мемлекеттік қызмет көрсетуді цифр-

ландыру және IT технологияларды енгізу ісіндегі тәжірибесін ескере отырып, түрікмен тарапын аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Бұдан кейін екіжақты қарым-қатынасты өрістетуде мәдени-гуманитарлық байланыстар ерекше орын алатыны айтылды.

— Қазақ халқы Астанада өткен Түрікменстанның Мәдениет күндері мен түрікмен халқының ұлы ойшылы Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдығына орай ескерткішінің ашылуын жылы қабылдады. Ашхабадта Абайға ескерткіш қойылуы халықтарымыздың достығы мен бір-біріне құрметінің тағы бір символы болды. Фестивальдер, гастрольдер және басқа да бірлескен іс-шаралар өткізу арқылы мәдениет саласында жан-жақты ықпалдастық орнату қажет екеніне тоқталдық. Ғылым-білім беру және жастар арасындағы байланысты дамыту перспективасы жан-жақты талқыланды. Түрікменстанда қазақстандық жоғары оқу орындарының бірінің филиалын ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсындық, — деді Мемлекет басшысы.

Келіссөздер барысында президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымда екенін растаған.

— Өңірлік, сондай-ақ жаһандық ауқымда тұрақтылық, қауіпсіздік және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін түрікмен тарапымен тығыз ықпалдастық орнатуға әзірміз. Консультативтік кездесулер өткізу, сондай-ақ Каспий теңізінің проблемасы жөнінде ықпалдастық орнату өте өзекті. Қазақстан Ашхабадтың бастамасы бойынша жарияланған Халықаралық бейбітшілік және сенім жылы аясында Түрікменстан өткізген іс-шараларды жоғары бағалайды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында Президент Сердар Бердімұхамедовтің сапары Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор үлес қосатынына сенімді екенін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сапар екі ел қарым-қатынасының тарихи кезеңіне бастау болады.

Сердар Бердімұхамедов мемлекеттер арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі кеңейтуге қатысты Түрікменстанның ұстанымымен бөлісті.

— Екіжақты күн тәртібін талқылау барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілді. Өзара сауда-саттық аясын кеңейту және өртарпақтандыру, сондай-ақ өнеркәсіп кооперациясы саласында бірлескен ауқымды жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялық саясатты жандандыру мәселелері қарастырылды. Бұл ретте екі мемлекеттің бизнес қоғамдастықтары арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтудың маңызы зор. Энергетика — екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі. Түрікменстан бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруға дайын. Сонымен қатар еліміздің электр энергиясы мен химия өнеркәсібіндегі серіктестікті нығайтуға айтарлықтай мүмкіндігі бар. Көлік және логистика өзара ықпалдастығымыздың стратегиялық сипатқа ие бағыты саналады. Қазіргідей күрделі геосаяси және геоэкономикалық ахуал кезінде Шығыс — Батыс және Солтүстік — Оңтүстік бағдарындағы көлік-транзит дәліздерінің жұмысын жандандыру аса өзекті, — деді Түрікменстан Президенті.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАНДА FAB-LAB ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА
ТАЛДЫҚОРҒАНДА FAB-LAB ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде еліміздегі заманауи Fab-Lab инновациялық зертханасы ашылды - деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі. Инновациялық зертхана студенттердің инженерлік және цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Fab-Lab (Fabrication Laboratory) — әлемнің жетекші оқу орындары қолданатын цифрлық өндіріс зертханалары желісінің халықаралық форматы.

Зертхана үш негізгі бағытта жұмыс істейді:

- Робототехника зертханасы — NAO гуманоид роботтары мен WorldSkills стандарттарына сай платформалар арқылы құрастыру және бағдарламалау дағдыларын дамытуға арналған.

* 3D модельдеу және 3D басып шығару зертханасы — Fusion 360, SolidWorks, Blender

бағдарламаларында прототиптер мен цифрлық модельдер жасауға мүмкіндік береді.

- Жасанды интеллект зертханасы — Python, машиналық оқыту, компьютерлік көру және нейрондық желілер бойынша практикалық білім алуға бағытталған.

«Жұмысшы мамандықтар жылында осындай заманауи зертханалардың ашылуы — еліміздің болашақ инженерлері мен техниктерін дайындаудағы үлкен стратегиялық қадам. Fab-Lab жастардың тек оқып қана қоймай, нақты өнім жасап, инновациялық

жобалар әзірлеуіне мүмкіндік береді. Бұл — еңбек нарығына қажетті жаңа буын мамандарын қалыптастырудағы маңызды бастама», — дейді Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің басшысы Әсет Мұхамбетов.

Жаңа орталық студенттерге теорияны тәжірибемен ұштастырып, өз идеяларын іске асыруға, өнеркәсіп пен IT саласына қажетті жобалар әзірлеуге жол ашады.

**ДЕРЕККӨЗ: ҚР ОҚУ АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ
ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫ.**

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Жетісу облысында өрт қауіпсіздігі айлығы жалғасып жатыр. Айлық аясында Төтенше жағдай департаменті қызметкерлері шалғай елді мекендерге шығып, өрттің алдын алу және иіс тиіп улану қаупін төмендету мақсатында рейдтер жүргізуде. Тексеру барысында мамандар тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, пештің жылыту жүйесін тексерді, әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын датчиктер орнатты. Атап айтқанда облыс бойынша әлеуметтік әлжуаз топтағы отбасылардың үйіне биыл 2085 датчик қойылды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кезекті профилактикалық рейд барысында өңірдің ТЖД қызметкерлері Кербулақ ауданына қарасты Аралтебе ауылына барып, әлеуметтік осал отбасылар тұратын жеке тұрғын үйлерді аралады. Атап айтқанда, аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар адамдар, жалғызбасты аналар мен зейнеткерлердің үйлеріне ерекше назар аударылды. Рейд барысында электр сымдары мен розеткалар тексеріліп, пештер мен мұржалар тазартылды, сондай-ақ, тұрғындарға пеш жабдықтарын пайдалану ережелері түсіндірілді. Көп үйлер пешпен жылытылатын ауылдық жерде мұндай профилактикалық жұмыстардың маңызы ерекше.

Облыстың ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Әубәкіров пешпен жылытылатын үйлерде мұржаның тазартылуынан, пештің дұрыс орнатылмауынан, электр желілерінің шамадан тыс жүктелуінен қауіп көп екенін айтты.

— Өрт оқиғаларының басым бөлігі жылу және электр жүйелерінің дұрыс жұмыс істемеуінен туындайды. Осыған байланысты бақылауды күшейтіп, тұрғын үйлерге улы газды анықтайтын дабыл құрылғыларын орнатудамыз. Бүгін 70-тен астам үйге барып,

профилактикалық жұмыс жүргіздік. Тұрғындардан жылыту құралдарының жарамдылығын тексеруді, мұржаларды уақтылы тазартуды, электр желісін шамадан тыс жүктемеуді және пештерді қараусыз қалдырмауды сұраймыз, — дейді Еламан Әубәкіров.

Алдын алу шараларының атқарылғанына ауыл тұрғындары риза.

— Ауылымызда 300-дей тұрғын бар. Ауылға әлі газ келмегендіктен, бәрі көмір, ағаш тасып пеш жағады. Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жылда жылыту маусымы кезінде тексеріс жүргізеді. Бұрын мұржаны көлмен тазалайтынбыз. Қазір мамандар біз сияқты көп балалы отбасылардың үйлеріндегі пешті тексеріп, мұржамызды тазалап береді. Өрт қауіпсіздігі өр тұрғын үшін маңызды — дейді ауыл тұрғыны Алдаберген Сұранбеков.

Ауылдың тағы бір тұрғыны Жанар Ысқақ та осындай пікірде:

— Жалғызбасты ана болғандықтан бір өзім мұржа тазалай алмаймын. Сондықтан мамандарға арнайы барып, өтініш білдірдім. Электр желілерінің техникалық жағдайын қарап ақауларды анықтап, арнайы құрылғы орнатып берген қызметкерлерге алғыс білдіремін, — деді ол.

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, қабылданып жатқан алдын алу шараларының арқасында жылыту маусымы басталғалы бері өңірдегі өрт саны 20%-ға қысқарған. Биыл бүкіл облыс бойынша әлеуметтік жағынан осал азаматтардың үйлеріне улы газды анықтайтын 2085 дана датчик орнатылды. Бұдан бөлек, өңірдің тұрғын үй секторында 1510 жиын, 1122 нұсқаулық және 24 брифинг өткізіліп, оларда жалпы саны 32 400-ден астам адам қамтылды.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.**

● КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП

"Қорғас торабы" трансшекаралық хабын дамыту аясында бүгінге дейін екі мың жұмыс орнын құрған 40 жоба іске асырылды



Жетісу облысында «Қорғас торабы» трансшекаралық хабын дамыту мақсатында инвестициялар тарту, жүк ағыны мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылданды. Мәселен, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА мен «Қорғас» ШЫХО-да екі мыңнан астам жұмыс орнын құрған 76 млрд. теңгелік 40 жоба іске асырылған, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, олардың қатарында қуаты тәулігіне 1400 вагонды өңдеуге мүмкіндік беретін «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты, «SSA FEED Mills» ЖШС-ның құрама жем өндіру зауыты, «Майами Солар» ЖШС-ның күн батареяларын өндіретін зауыты т.б. ірі жобалар бар. Жалпы 2027 жылдың соңына дейін 9 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын, 1,1 трлн. теңгеге тағы 65 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Бүгінгі күні «KTZE — Khorgos Gateway» құрғақ портының кеңейту жұмыстары аясында 2 темір жол жаңғыртылды, қосымша 8 жол салынып, қазіргі кезде 16 жол қызмет көрсетуде. Бұл терминалдың өткізу қабілетін жылына 540 мыңнан 800 мың контейнерге дейін, яғни бір жарым есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «SKYHANSA» компаниясының халықаралық жүк-жоллаушы өуежайын салудың инженерлік инфрақұрылымның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жобаға тартылатын инвестиция көлемі 250 млрд. теңге, 700 жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар «Қорғас» орталығында жаңғырту жасалып, екінші бағаж терминалы іске қосылды, Face ID және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция енгізілді, жүк тасымалдау бойынша «Қазпошта» АҚ жұмысы басталды. Осының нәтижесінде орталыққа келушілер саны тәулігіне 2,5 мыңнан 5 мың адамға дейін өсті.

Ал «Нұр жолы» пунктінде өткізу қабілетін арттыру, көлік легін оңтайландыру және процестерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәулік бойы жұмыс режимі мен электронды кезек жүйесі енгізіліп, соның нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, тәулігіне 800-ден 1600 автокөлікке дейін өсті. Биыл «Нұр жолы» өткізу пунктінде ірі өлшемді және жеңіл көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталды. Жоба аясында көлік легін «Қорғас» орталығына бағыттау жоспарланып отыр, бұл өткізу пунктіндегі жүктемey 40-45% төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, бельгиялық «Saron Kazakhstan» (SARENS) компаниясы екінші айналма жолдың, сондай-ақ ірі тоннажды көліктерге арналған уақытша қойма мен жинақтаушы алаңның құрылысын бастады. Жобаның құны — 8 млрд. теңге, құрылыс жұмыстары 2026 жылдың соңы аяқталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ тауарлар экспортын арттыру мақсатында Алтынкөл-Жетіген екінші жолдарының құрылысы жүргізілуде, жалпы ұзындығы 294 шақырым, Жетісу облысынан 64 шақырымы өтеді, аяқталу мерзімі — 2026 жыл. Сонымен қатар, Ынталы-Алтынкөл аралығындағы учаскеден «KTZE-Khorgos Gateway» компаниясының тиеу-түсіру терминалына апаратын темір жол құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Осы жобаларды іске асыру Алтынкөл станциясының өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 30 пойызға дейін, ал жүк тасымалы 1,7 есеге артады. Бұл жобалар Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалын ұлғайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін бермек.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТЕРРОРИСТІК ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

**Ауданымызда құзырлы органдардың қатысуымен
кең ауқымды семинар өтті**



құқығын қорғаудың негізі. Осал объектілердегі тәртіп пен сақтық шараларын күшейту – қазіргі уақыттың талабы, – деп атап өтті.

Одан кейін сөз алған полиция майоры С.Жұмаділов террористік қатердің қазіргі тенденциялары мен алдын алу шаралары туралы жан-жақты түсіндіріп, қатысушыларға арнайы бейнематериал көрсетті. Ол аудан аумағындағы 53 нысанның терроризмге қарсы қорғаныс схемалары нақты әрі талапқа сай болуы керектігіне ерекше тоқталды. Әрбір объектінің электрондық нұсқада әзірленген толық мәліметтері қоса тіркелуі қажет екендігін де атап өтті.

Жиынды ҚР ҰҚК департаментінің Сарқанд аудандық бөлімінің жедел уәкілі Е.Марленов қорытындылап, семинарға қатысушылардың сұрақтарына кеңінен жауап берді. Ол құқық қорғау органдары мен мекеме басшыларын өзара тығыз байланыста жұмыс істеуге, қауіпті жағдайлардың алдын алуда жауапкершілік пен қырағылықты арттыруға шақырды.

Семинар соңында қатысушылар көрсетілген ақпараттың өзектілігі мен пайдалығын атап, мұндай түсіндіру шараларының ауданымыздағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға айтарлықтай үлес қосатынын жеткізді.

Аудандағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау – әр мекеме мен әрбір азаматтың міндеті. Терроризмнің алдын алу бағытындағы мұндай кездесулер алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ағымдағы жылдың 24 қарашасы күні, сағат 15:00-де Ақсу аудандық әкімдігінің үлкен мәжіліс залында маңызды әрі мазмұнды басқосу өтті. Аудан әкімінің орынбасары Б.Ермуханбетовтың төрағалығымен бұл семинарға тиісті құзырлы органдар мен аудан аумағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары қатысты. Жиынның басты мақсаты – терроризмнің алдын алу, қауіпсіздікті күшейту және осал объектілерде профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүйелеу.

Жиынға Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Сарқан аудандық бөлімінің жедел уәкілі Марленов Ернар Мәлікұлы, Ақсу аудандық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Жұмаділов Сәкен Мұхамедрахымұлы,

сондай-ақ мемлекеттік мекеме басшылары, түрлі ұйым жетекшілері мен Жетісу облысы Дін істері басқармасының Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығының Ақсу ауданы бойынша теолог маманы Жеңісбек Бірлік қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес құзырлы бөлім басшылары өз бағыттары бойынша мазмұнды баяндамалар жасап, қазіргі қоғамдағы қауіпсіздік талаптары, террористік қатерлердің алдын алу тетіктері мен осал нысандарда қауіпсіздік мәдениетін арттыру мәселелерін кеңінен қозғады. Баяндамалар аяқталған соң қатысушыларға хаттамалық тапсырмалар жүктеліп, алдағы жұмыс бағыттары нақтыланды.

Жиынды ашқан аудан әкімінің орынбасары Б.Ермуханбетов терроризммен күрестің тек құқық қорғау органдарының емес, қоғамның барлық мүшелерінің ортақ міндеті екенін атап өтті. Өз сөзінде ол:

– Қауіпсіздік – әрбір азаматтың

Астанада "АМАНАТ" партиясының қолдауымен XVIII "Жан Шуақ" қоғамдық сыйлығы табысталды



Халықаралық мүгедектігі бар адамдар күні қарсаңында елордада «АМАНАТ» партиясының қолдауымен Қазақстан мүгедектер конфедерациясы ұйымдастырған XVIII «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығы салтанатты түрде табысталды. Ел ішінде тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан бұл игі бастама ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға, олардың кәсіби және қоғамдық қызметтегі жетістіктерін кеңінен насихаттауға бағытталған. «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығы — өмірлік сынақтарға мойымай, табандылық танытқан, қоғамға айрықша үлес қосып жүрген жандарды қолдау мен ынталандырудың маңызды алаңы. Жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген үміткер қатысып, олардың еңбегі лайықты бағаланады.

Биылғы 2025 жылғы марапат иелері арасында Жетісу облысының өкілі де бар.

Жетісу өңірінен қатысқан Тұрғанов Нұрбек Онғарбекұлы «Қоғамға сіңірген еңбегі үшін» номинациясының лауреаты атанды. Ол қоғамдық қызметтегі белсенділігі, әлеуметтік бастамаларға қосқан үлесі және азаматтарға көрсеткен тұрақты қамқорлығы үшін жоғары марапатқа лайық деп танылды.

Тұрғанов Нұрбек Онғарбекұлы өңірде инклюзивті қоғам қалыптастыру, әлеуметтік жобаларды дамыту және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Оның азаматтық белсенділігі мен қоғамдық істерге деген жанажыр ұстанымы көпшілікке үлгі болып отыр.

ЖЕТІСУДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН ӨТТІ



Бүгін Талдықорған қаласында Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының ұйымдастыруымен салтанатты жиын өтті. Іс-шараға облыстық мәслихат депутаттары, өңірдегі ірі және шағын шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

Мерекелік жиынның мақсаты – ауыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегін бағалау, өңірдің аграрлық секторын дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттау және ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерді кеңінен насихаттау.

Жиын барысында «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын ауыл шаруашылығы саласының ел экономикасындағы айрықша рөліне тоқталып, еңбек адамдарының еңбегіне құрмет білдірді.

«Ауыл – берекенің бастауы, еңбек – елдің тұғыры. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халықтың ырызыдығын өндіретін, жердің қадірін біліп, маңдай терімен молшылық жасайтын ауыл шаруашылығы саласының

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия
филиалының консультанты.

ДИНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ



отбасылық құндылықтарды нығайту, ұрпақ тәрбиесіне дұрыс бағыт беру сияқты мәселелер де кеңінен сөз болды.

Шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың діни-рухани иммунитетін күшейту, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау, мемлекеттік идеологияны түсіндіру және жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру. Кездесуге қатысқан қауым өкілдері мен мемлекеттік қызметкерлер аталмыш дәрісін маңыздылығын ерекше атап, мұндай шаралардың аймақ тұрғындарының білімін арттыруда және қоғамдық сананы жаңғыртуда айтарлықтай ықпалы бар екенін жеткізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатын болады. Себебі қоғамның рухани дамуы – елдің болашағы мен тұрақтылығының маңызды кепілі.

Ақсу ауданында өткен бұл мазмұнды кездесу халықтың діни-рухани сауатын арттыруға серпін беріп, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жолында жасалған тағы бір маңызды қадам болды.

Бірлік ЖЕҢІСБЕК,
Жетісу облысы дін істері
басқармасы ММ «Дін
саласындағы мәселелерді
зерттеу және оңалту
орталығы» КММ нің Ақсу
аудандық маман - теологы.

24 қараша күні Ақсу ауданында қоғамның рухани дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды кездесу ұйымдастырылды. Аталған шара Ақсу ауданының ішкі саясат, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт бөлімінің тапсырысы негізінде, Жетісу жастар конгресі қоғамдық бірлестігінің бастамасымен өтті. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Е.Ермухамбетов Бекзат Тілектесұлы арнайы қатысып, жиынға төрағалық етті.

Жиынның басты қонағы – Ихан ғылым және мәдениет орталығының басшысы, республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының (РАТ) мүшесі, теолог-заңгер Тимур Нүсіпхан болды. Ол аудан аумағындағы мемлекеттік қызметкерлер

мен ауыл тұрғындарына арнап мазмұны терең, мазмұнды дәріс оқып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Теолог қоғамдағы діни танымның дұрыс қалыптасуы, зайырлылық принциптерінің маңыздылығы, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтеру және рухани құндылықтарды дәріптеу тақырыптарына жан-жақты тоқталды.

Кездесу барысында қоғамда жиі кездесетін әлеуметтік және рухани мәселелер талқыланып, олардың алдын алу жолдары қарастырылды. Қатысушылар діни сауаттылықты арттырудың маңызын, әсіресе жастар арасындағы идеологиялық тұрақтылықты сақтау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар радикалды идеялардың алдын алу,

Туған жерді қорғау – перзенттік парыз

Бүгінгі жаһандану дәуірінде жас ұрпақты елін, жерін сүйетін, ерлік пен жауапкершілікке бейім азамат етіп тәрбиелеу – мектептің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта Сағакүрес орта мектебінің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі Бекқабылов Жарылқасын Қайратұлы 10-11 сынып оқушыларымен «Туған жерді қорғау – перзенттік парыз» тақырыбында мазмұнды, танымдық әрі тәрбиелік мәні жоғары ашық сабақ өткізді.

Сабақтың кіріспе бөлімі Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан Қарулы Күштердің мәртебесі мен бүгінгі тыныс - тіршілігін танытатын бейнероликпен басталды. Мұғалім



парыздың тек сөзбен емес, іспен дәлелденетіні айтылды. Сабақтың соңында оқушылар «Жас патриоттың анты» атты шағын сөз қабылдап, туған жердің амандығы мен елдің болашағына бейжай қарамайтын азамат болуға уәде берді. Сонымен қатар, әскери саптық дайындық элементтері көрсетіліп, оқушылардың тәртіптілігі мен жинақылығы жоғары деңгейде байқалды.

Ашық сабаққа қатысқан мұғалімдер сабақтың мазмұнын жоғары бағалап, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын ерекше атап өтті. Тәрбиелік, патриоттық және танымдық тұрғыда ұйымдастырылған бұл шара жас ұрпаққа үлкен ой салды. Осындай сабақтар оқушылардың



ұлттық қауіпсіздіктің маңызын жан-жақты түсіндіріп, туған жердің тыныштығын сақтау – әр азаматтың қасиетті борышы екенін атап өтті. Оқушылар еліміздің шекаралық аймақтары, стратегиялық маңызы бар нысандар және әскери міндеттіліктің құқықтық негіздері туралы мәлімет алды.

Сабақтың теориялық бөлімінде оқушыларға «Отан», «патриотизм», «азаматтық жауапкершілік» ұғымдарының мазмұны ашылып, қазақ халқының ерлік дәстүрлері туралы тарихи деректер ұсынылды.

Ата - бабамыздың елді қорғаудағы қайсарлығы, батырлардың ерлігі, тәуелсіздік жолында күрескен тұлғалардың өнегесі оқушыларға терең әсер қалдырды. Мұғалім оқушыларға Бөгенбай, Қабанбай, Райымбек, Бауыржан Момышұлы секілді даңқты батырлардың ерлік істерін мысалға келтіре отырып, қазіргі жас буынның ел алдындағы жауапкершілігін түсіндірді.

Практикалық бөлімде оқушылар үш топқа бөлініп, өзара пікірталас пен талдау жұмыстарын жүргізді. Әр топқа «Менің туған жерге қызмет ету жолым», «Елімнің қауіпсіздігі үшін



не істей аламын?», «Жастардың Отан қорғаудағы рөлі» атты тапсырмалар берілді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өз ойларын ашық айтып, қазіргі қоғамдағы патриоттық тәрбиенің маңызын талқылады.

Кейбір оқушылар болашақта әскери мамандықты таңдауға ниетті екенін айтып, әскери өмір туралы қызығушылықтарын жеткізді.

Әскер қатарына бару – әр азаматтың шынайы тәрбие мектебі екені, отан алдындағы

бойында елжандылық сезімін қалыптастырып қана қоймай, олардың қоғамға пайдалы, жауапкершілігі жоғары, Отанын сүйетін азамат болып өсуіне зор ықпал етеді.

Туған жерін ардақтап, елінің амандығын ойлайтын жас – мемлекеттің болашағы.

Ж.БЕКҚАБЫЛОВ,
Сағакүрес орта мектебінің
Алғашқы әскери және
технологиялық дайындық пәні
мұғалімі.

● ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Тілім — халқымның жүрегі, жан дыбысы, ғасырлардан жеткен қасиетті аманаты.

Қазақтың қоңыр желінде жұлсақ, сайын даласындай кең, Сарыарқадай дархан болмысын бойына жинаған ана тілім – мен үшін өлшеусіз қазына әрі шексіз әлем. Себебі тіл – тек қатынас құралы емес, ол — халықтың жаны, рухы, тарихы, мінезі, сүйініші мен мұңы. Тіл бар жерде ұлт бар, тілдің

құрметтеп, оны сақтау жолында еңбек етсе ғана, халқымыздың болашағы жарқын болмақ.

Тіліміздің өрісі кеңейіп, қолданысы артқан сайын, рухани тәуелсіздікке жақындай түсеміз. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек ресми шешімдермен өлшенбейді, ол әрбір азаматтың тілге деген құрметін, оның таза әрі сауатты қолданылуын талап етеді. Әр сөйленген сөз, әр жазылған

Тілім – өлшеусіз қазына,
өрісі кең әлем



шырағы өшкен жерде халықтың да бағы таймақ.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде әр ұлттың рухани тірегі – өз тілі. Бүкіләлемдік өзгерістер ағынында жұтылып кетпеудің бірден-бір келісі — ана тілінің тұғырының биіктігі. Қазақ тілі – бізді бір шаңырақ астына топтастыратын, өткендегіні бүгінмен жалғап, болашаққа жол көрсететін алтын көпір.

Мен, Ақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы ретінде, күн сайын кітапқа құмар жас буынның көзінен қазақ сөзінің құдіретін сезінемін. Сөз арқылы бала жүрегіне имандылық дәні себіліп, үлкенге құрмет, кішіге ізет ұғымдары қалыптасады. Әрбір кітаптың парағы — тілдің мәңгі жасай беретін айғағы. Ал кітапхана — сол асыл қазынаның ұясы, тілдің тынысы кеңейетін рухани мекен.

Қазақтың тілінде дала сыры бар. Жусан иісі аңқыған қоңыр тіршілік, қобыз сарынына ұқсас терең мұң, домбыраның қос ішегінде қуаныш пен қайғы қатар өрілген. «Тілім – менің тағдырым» деген сөз бекер айтылмаған: тіл арқылы біз кім болғанымызды, қандай болғымыз келетінін айқындаймыз. Әр буын тілді

сөйлем – тіліміздің тағдырына қосылған жаңа кірпіш.

Біз ұлттық болмысымызды, мәдениетімізді, дәстүрімізді ана тіліміз арқылы танытамыз. Әлемнің әр түкпірінде қазақтың дауысын танытатын, ұлт намысын асқақтататын күш — тіліміздің қуаты. Қазақ тілінде ойлау — қазақы болмысты сақтау, қазақ тілінде сөйлеу — елдікті сезіну, қазақ тілінде жазу — рухты тәрбиелеу.

Сондықтан да, Тілім — өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем.

Ол – мәңгілік ел болу жолындағы рухани темірқазығымыз.

Ол – ұлттың намысы мен арын сақтаушы киелі сандық.

Ол – бабалар рухымен сабақтасып тұрған алтын арқау. Біздің міндет — сол арқауды үзбей, келер ұрпаққа аманат ету. Тіліміздің қадірін білейік, қасиетін ардақтайық, қазынасын көбейтейік. Себебі ана тілін құрметтеуден артық туған елге деген шынайы махаббат жоқ.

А.РАЙЫМКҰЛОВА,
Ақсу ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы.

Бүгінде әлем елдерін алаңдатып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – терроризм. Қай жерде болмасын, қай елде болмай-ақ қойсын, бейбіт халықтың тыныштығын бұзатын мұндай қасіретті құбылыс адамзаттың өркениетіне, мәдениетіне, қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіреді. Терроризм – тек қарулы қақтығыс немесе жарылыс емес; ол адамдардың санасына, құндылықтарына, өмір салтына әсер ететін күрделі идеологиялық соғыс. Сондықтан бұл тақырыпта қоғамның әрбір мүшесі ойла-нып, ортақ жауапкершілікпен қарауы қажет.

Мен, Көкезек ауылдық клубының музыкалық жетекшісі ретінде, күнделікті жұмысымда балалармен, жастармен етене араласамын. Сол себепті терроризмге қарсы тәрбие мен ақпараттық жұмыс ең алдымен өскелең ұрпақтан басталуы керек екенін жақсы түсінемін. Жастар – біздің ертеңіміз, біздің мықты тірегіміз. Ал, оларды радикалды ағымдардың, жалған уағыздардың ықпалынан қорғау – барлығымыздың міндетіміз.

Білім мен мәдениет – терроризмге қарсы ең мықты қару. Ал, музыка – бірлік пен бейбітшіліктің символы. Өн арқылы, өнер арқылы адам бойындағы ізгілік пен мейірімді оятуға болады. Қаншалықты қарапайым көрінгенімен,

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҰРУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ

мәдениет пен өнердің тәрбиелік күші зор. Жасөспірімдер бос уақытын пайдалы өткізіп, шығармашылықпен айналысса, оның сана-сы теріс идеяларға бой алдыруға әлдеқайда бейім болмайды.

Көкезек ауылдық клубында біз түрлі үйірмелер, концерттік бағдарламалар, патриоттық ән кештері мен кездесулер өткізіп келеміз. Осындай шаралар жастардың өз-өзіне сенімін нығайтып, қоғаммен байланысын күшейтеді. Адам өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезінген сайын, оны әлдебір теріс жолға итермелеу қиындай түседі. Міне, сондықтан мәдени-ағартушылық жұмыстың терроризмнің алдын алудағы орны ерекше.

Терроризмнің басты мақсаты – қорқыныш пен іріткі салу. Террористік ұйымдардың ең қауіпті әрекеті – адамдардың санасын улау. Олар көбінесе әлеуметтік әлсіз топтарды, өмірлік қиындыққа тап болған жастарды, күйзеліске ұшыраған азаматтарды оңай арбайды. Интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жалған ақпарат таратып, «әділдік орнатамыз» деген сынды жалған уәделермен торына түсіріп жатады.



Сондықтан ақпараттық сауаттылық – біздің заманымыздың басты қажеттілігі. Әр адам интернеттегі кез келген үндеуге сенбе бермей, дереккөздерді сараптап, күмәнді топтардан алшақ жүргені дұрыс. Бұл есіресе жастарға қатысты. Оларға дұрыс бағыт - бағдар беру – ата - ананың, ұстаздың, біз сияқты мәдениет қызметкерлерінің ортақ ісі.

Бірлік пен татулық – біздің басты қалқанымыз. Қазақ халқы қашанда

мейірімділік пен бауырмалдықты жоғары бағалаған. Біздің елдің басты тірегі – бірлік. Ел ішіндегі татулық күшейген сайын, экстремизм мен терроризмге орын азая береді. Көкезек ауылындағы бейбіт өмір мен ұйымшылдық – соның дәлелі. Біз бір - бірімізге қамқор болып, әрбір жастың тағдырына бейжай қарамай, қоғамдағы туыстық байланыстарды нығайтсақ, кез келген қауіптің алдын аламыз.

Терроризммен күрес – тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – отбасының, мектептің, мәдениет ошақтарының, жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігі. Жастарды білімге, мәдениетке, өнерге, адами құндылықтарға баулысақ, оларды қандай да бір теріс ағымның арбауы мүмкін емес.

Көкезек ауылдық клубының атынан барша ауыл тұрғындарын бейбітшілік пен татулықты берік ұстануға, жас ұрпақты дұрыс бағытқа бағыттауға шақырамын. Біз біріксек – кез келген қауіптің бетін қайтара аламыз. Біздің басты байлығымыз – тыныштық. Оны көздің қарашығындай сақтау – баршамыздың борышымыз.

Еламан ЖҰМАГЕЛДИН,
Көкезек ауылдық клубының
музыкалық жетекшісі.

ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС:

16 КҮНДІК БЕЛСЕНДІ ӘРЕКЕТ АЛСЫНДАҒЫ ШАРАЛАР

Бүгінде гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу – қоғамның өркениетті дамуындағы маңызды басымдықтардың бірі. Осы бағыттағы жаһандық күш-жігердің бір бөлігі ретінде жыл сайын өтетін «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес 16 күндік белсенді әрекет» халықаралық кампаниясы аясында ауданымызда бірқатар мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

25 қараша күні «Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ-де «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында «Ашық есік» күні өтті. Шараға «Жанұя» отбасын қолдау орталығының психологы С.Ментаева, мектеп психологы А.Сейітқазы және медбике А.Абдикерова қатысып, оқушыларға маңызды ақпарат пен кәсіби кеңес ұсынды.

Жиынның басты мақсаты – жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің зиянды салдары туралы хабардарлықты арттыру, олардың жауапкершілікпен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау. Мамандар қауқашушыларға алдын алу жолдарын, психологиялық қолдау түрлерін, қауіпсіз мінез-құлықтың маңызын түсіндіре отырып, ашық пікір алмасу ұйымдастырды.

26 қарашада «Жанұя» отбасын қолдау орталығында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық профилактикасына арналған «Ашық есік» күні өтті. Іс-шара халықаралық акцияның негізгі міндеттерімен үндесе отырып, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және зорлық-зомбылықсыз қоғам құру идеясына бағытталды.

Орталық мамандары келушілерге отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, оның алдын алу әдістері, құқықтық көмек алу жолдары туралы жан-жақты ақпарат ұсынды. Жиынға аудандық полиция бөлімінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция лейтенанты Б.Қабдыл да қатысып, тұрғындармен жеке қабылдау өткізіп, құқықтық кеңес берді.

Мұндай кездесулер қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға, отбасылардың тұрақтылығы мен әл-ауқатын арттыруға зор ықпал етеді. Себебі тұрғындар өз құқықтары мен мүмкіндіктері туралы біле отырып, проблемаларды дер кезінде шешуге бейімделеді.

Сол күні ұйымдастырылған келесі маңызды шара – «Жанұя» отбасын қолдау орталығында өткен баспасөз мәслихаты. Орталықтың құрылымдық бөлім басшысы Н.Қасымбеков жиынды ашып, «Әйелдер мен қыздарға қатысты цифрлық зорлық-зомбылықты тоқтату үшін бірігу» тақырыбында және сталкин туралы заңнама нормалары төңірегінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Цифрлық ортада қауіп-қатерге тап болу жиілеп кеткен қазіргі заманда бұл тақырыптың өзектілігі зор. Орталық психологы Б.Демесінова, профилактикалық жұмыс жөніндегі маман Д.Оңғарбаев және полиция лейтенанты Б.Қабдыл онлайн кеңістікте кездесетін негізгі қауіп түрлері – сталкинг, киберқудалау, бопсалау, жеке мәліметтердің таралу қаупі туралы егжей-тегжейлі түсіндіріп, алдын алу бойынша кеңестер ұсынды.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі сталкинге қатысты нақты нормалар таныстырылып, қажетті жағдайда құқықтық көмекке жүгіну жолда-

ры түсіндірілді. Мамандар азаматтарды цифрлық қауіпсіздік мәдениетін сақтауға, жеке деректерді қорғауға және күмәнді онлайн әрекеттерге бейжай қарамауға шақырды.

«16 күндік белсенді әрекет» аясында өткізілген бұл шаралар қоғамдағы зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Ерте жүктіліктің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, цифрлық қауіпсіздікті нығайту – барлығы да тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, қауіпсіз орта құруға ықпал етеді.

Осындай бастамалардың тұрақты түрде жалғасын табуы қоғамдағы тыныштық пен татулықты сақтауға, әр отбасының әл-ауқатын арттыруға үлкен үлес қосары сөзсіз.

25 қараша – «Әйелдерге қатысты зорлық – зомбылықты жою халықаралық күрес» күніне орай «Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 белсенді күндік белсенді әрекет» халықаралық кампаниясының бұл шаралары 10 желтоқсан - «Халықаралық адам құқықтары» күніне дейін жалғасады.

Салтанат АЙМҰХАНОВА,
«Жанұя» отбасын қолдау орталығының бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғаммен жұмыс жөніндегі маманы.

АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру Ұйымдастырушы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат. Байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

Өтінімдерді беру орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет. Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2025 жылдың «1» желтоқсаннан бастап 2025 жылдың «15» желтоқсанға дейін

Өтінім берудің басталу күні: 2025 жылдың «1» желтоқсан
Өтінім берудің аяқталу күні: 2025 жылдың «15» желтоқсан.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз. Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

- 1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;
- мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналары және басқа да заңды өкілдер;
- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және проба-ция қызметінде есепте тұрған адамдарды;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;
- әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;
- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk> сілтеме бойынша таныса аласыз.

ВНИМАНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ РАЙОНА!

Объявление о приеме документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

Организатор: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу». Местонахождение: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж. Контактный телефон: 8 (7282) 32-93-92, 87082704129 Предмет приема заявок: Включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.

Место подачи заявок для включения в реестр: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108.

Сроки подачи заявок: с «1» декабря 2025 года по «15» декабря 2025 года.

Дата начала подачи заявок: «1» декабря 2025 г.

Дата окончания подачи заявок: «15» декабря 2025 г.

Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включение предприниматели, относящиеся к следующей категории:

- 1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие занятости социально уязвимых слоев населения;
- лица с инвалидностью;
- родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалидностью;
- пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до наступления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту);
- воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет;
- лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение шестидесяти месяцев после освобождения;
- лица, отбывающие наказание в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы и состоящие на учете в службе пробации;
- лица без определенного места жительства;
- родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени;
- лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения;
- кандидаты;
- 2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реализации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых слоев населения из первой категории;
- 3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие деятельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг предназначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соответствии со следующими видами деятельности:
- по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедеятельности в быту;
- по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и сохранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздоровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменений состояния здоровья граждан;
- по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание помощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде;
- по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику отклонений в поведении;
- по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в трудоустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией;
- по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциала, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению;
- по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравоохранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключительно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской абилитации детей с инвалидностью;
- по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров;
- по реализации образовательных программ дополнительного образования;
- по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населения по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;
- 4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие работу в следующих видах деятельности:
- по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства;
- по организации отдыха и оздоровления детей;
- по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, образовательных программ технического и профессионального образования;
- по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, испытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развитии и социальной адаптации;
- по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентированных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предоставления услуг такими организациями;
- культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологических садов, домов культуры, домов народного творчества);
- по охране окружающей среды;
- по оказанию социально уязвимым слоям населения, гериатрической и геронтологической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по ведению здорового образа жизни.

С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru>

Бес қырғауыл

(Жалғасы. Басы өткен санда).



шүріппені басып қалып бүркіп жібердім. Бұйырғанға дауа жоқ деген, бір бытырам да зая кетпей, отыз үйректі бір оқпен түсірдім» деген екен.

Отырғандар «Ой, пәлі» десіп енді Екетай ағаға қарайды.

«Кешке таман тоған байлап тастап қайтып келе жатсам, өзекте қырғауылдар жайылып жүр екен, мылтығымды үйге қалтырып кеткенім енді есіме түсіп неде болса құр қол қасымда деп газды түбіне шейін басып ағызып өтіп тоқтасам, бес қырғауылды мойнынан басып өтіппін» дейді.

Сонда Рақымбек ағамыз: «Трактордың жылдамдығы қырғауылды басып өтуге жетпейді, мен бұл өтірігіңе шыдай алмаймын» дейді ғой.

Сөйтсе Екетай ағамыз: «Ей Рақымбек, мен сенің отыз үйрегіңе шыдағанда сен менің айналдырған бес қырғауылыма шыдамайсың ба» деген екен.

Әзілдері жарасқан қайран ағаларым-ай, екеуі де бақилық болды, жандары жәннатта болсын.

Екеуі ол жақта да қаржасып жүрген шығар....

Ауылда әзілдері жарасқан екеуі түйдәй құрдас Рақымбек және Екетай деген ағаларымыз болды.

Рақымбек аға ауылдағы моншаны жағып, Екетай аға қалағы бар шынжыр табан трактор айдады.

Қолдары қалт еткенде екеуі де аздап аңшылық жасап қоятын өнерлері бар еді.

Бірде моншада кезек күтіп

отырған кезде біреу: «Рақа, жуық арада охотаға бардың ба?» деп сұрай қалады.

«Менде көп уақыт бола бермейді ғой, кеше қолым бір қалт ете қалғанда Ақсу өзенінің бойына бара қалып едім, өзеннің беті жыпырлаған үйрек екен. Алдында ғана бір патронға санап отырып отыз бытыра салып қойған едім, ысқырып қалып үркіттім де, көтеріле бергенде



Мың миллион әкеңнің...

Кеңес Одағы кезінде колхоз - совхоздарда малдың көптігі сонша жайылым жер жетіспей малшылардың арасында талас туып қала беруші еді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Қытайдан біраз ағайындар оралып шаруашылықтар малыға жарып қалған кез болатын. Фарида тәтеміздің әкесі де сол лекпен келіп бір отар қойдың иесі атанған шақ.

Жергілікті малшылар арғы беттен келген ағайындарға «Біз Советскийміз» деп мұрнын шүйіре қарап өздерін жоғары санап тұрған кез. Атамыздың өрісі жергілікті коммунист шопан Рауанмен қоңсылас болып күнде өрісте әңгімелесіп жүреді. Аяқты мал болған соң атамыздың отары ары - бері шекарадан өте берсе керек. Бір - екі рет ескертіп, болмаған соң Рекең ақсақалға тіл тизізген көрінеді. Содан ақсақал ашуға мініп «Құдайдың жерін қорыған ит, дақ әкеңнің аузын...» деп боқтап жібереді. Рауан да қыршаңқы адам, ол да есесін жібермейді. «Әкеңнің әкесінің аузын» дейді атамыз, «Сенің де атаңды» дейді Рекең. Ен-

деше «Жеті әкеңнің» деп атамыз бірақ қайырады. Есесін жіберетін Рекең бе: «Сенің де жеті әкеңді» деп өзіне қайтарады. Тұра тұр бәлем, енді қайтер екенсің деп өзі білетін ең жоғарғы цифрға жүгініп «Жетпіс жеті әкеңнің» деп атамыз масайрап айызы қанады. Болдың ба дейді Рауан. Болдым дейді атамыз. Ендеше «Мың миллион әкеңнің аузын» деп Рекең арыдан бірақ тартады. Бірақ жетпіс жетіден үлкен сан жоқ деп ойлайтын атамыз: «Оттапсың Рауан, Сен жеңілдің» деп атын борбайға бір тартып малына кетеді.

Дегенмен ойланып қалған атамыз кешке мал қоралаған соң қаникулға келген қызы Фаридадан ақырындап: «Қарағым, мың миллион деген сан бола ма» деп сұрайды ғой. Ия әке, болады деген қызына, «Ол жетпіс жетіден көп пе?» депті. «Көп, әке» дейді қызы. «Сонда қатты көп пе» деп қайта сұрайды. «Ой әке, өте көп» дегенде: «Әй иттің баласы-ай, жеңіп кеткен екен ғой, үндемей қалғанынан өзім де секемденіп едім» деп Биғали атамыз жантая кеткен көрінеді.

19 2025 жыл



Түйенің құмалағы

Ауылда әкем құралпас Тұрсын деген кісі болды. Қуақы, үлкен мен де, кішімен де қажасып жүретін қалжыңбас, аздап суырып салып бөдік өлең шығаратыны бар адам еді.

Бір жылы шөп маялайтын тракторшының қасында маяның төбесін шығару жұмысында жүреді. Үйілген маяның үстінде тұрған адамға төңірек алақандағыдай көрінеді емес пе. Тұрсын әкеміз қарап тұрса шөбі шабылған жерге жақында жайлаудан көшіп келген Қуатбек ақсақалдың ары-бері шапқылап бірдеңе іздеп жүргенін көреді.

Бір кезде ақсақал ат басын маяшыларға қарай бұрып «Жігіттер, бір құнанымды жоғалтып таба алмай жүрмін, байқамадыңдар ма» дейді ғой. маяның үстінен жылқының үйездеп жиденің көлеңкесінде тұрғанын көріп қалған Түкең, «Ақсақал, мен қазір құмалақ ашып жіберейін, ниет қылып тұрыңыз, мүмкін ақ сөйлеп қалар» деп маяның түбінде жатқан түйенің екі-үш құмалағын алып «біссімиллә» деп шашып жібереді де, «Шүйінші ақсақал, күнбатысқа қарай екі шақырым жүрсеңіз жалғыз жиденің түбінде тұр» депті. Тұра шапқан Қуатбек ақсақал жиденің түбінен жылқысын тауып, зырқыратып үйге қарай қуып тастап, аттың басын қайтадан маяшыларға қарай салады.

Дәл сол кезде маяның үстінде тұрған Тұрсын әкеміз

ақсақалдың үйіне өзінің құрдасы тайыншашы Омардың келіп атын байлап жатқанын көреді.

Шауып келген ақсақал «Тұрсынжан түс жерге қарағым, түсе ғой дейді».

«Ел сені жынды Тұрсын деп жамандаушы еді, Сен жынды емес, Әулие екенсің ғой қарағым. Құмалағың дәл шығып жылқымды тауып алдың, енді менің отбасыма мал ашшы, құмалағың не дейді екен» деп тағы өтініш қылады.

Екі айтқызатын Түкең бе, «Я, Пірім Алла, ақ сөйле» деп түйенің құмалағын және бір шашып жібереді де, «Астафиралла, айтсам ба, айтпасам ба» деп шошығансыды ғой баяғы.

«Айта ғой Тұрсынжан, айта ғой, жалғызым Бақатайға қатер төніп тұрған жоқ па?» деп ақсақалда зәре қалмайды.

Аз - кем үнсіздіктен соң, Түкең «Ақсақал, балаңызға төніп тұрған қауіп жоқ, дені сау болып, ұзақ жасайды екен, бірақ қатер Сіздің өз басыңызға төніп тұр. Дәл қазір үйіңізде көзінде терезесі, көңілінде арам ойы бар біреу көлденең түсіп жатыр» депті.

Ақсақалдың бәйбішесі жастау болған соң, әрнені сылтаура-тып Омекең келгіштей беретін көрінеді. Көзінде терезесі дегені Омар әкеміз көзділдірік тағушы еді. «Көлденең түсіп жатыр» дегені киіз үйде отыратын орындық жоқ, келген кісіге төрге көрпе салып, шынтағына жастық тастайтын әдет бойынша оны көрмей ақ айта беруге болады.

«Әп, атаңа нәлет, ол Омар ғой» деп бұрыннан күдіктеніп жүрген ақсақал үйге қарай қайта шаба жөнеледі.

Келсе, дәл құмалақтағыдай. Көзінде көзөңінегі бар Омар төрде көлденеңінен шынтақтап жатыр екен.

Күйіп кеткен ақсақал әй - шайға қарамай «Түйенің құмалағына түскен әкеңнің аузын ұрайын» деп Омарды қамшының астына ала жөнеледі.

Ештеңеге түсінбеген Омекең аттай - бұттай эзер қашып шығып атына міне салып тайып тұрады.

Омарды қуып тастаған соң ақсақал аттың басын қайтадан маяшыларға қарай салады.

«Тұрсынжан, мойындадым, Сен шын Әулие екенсің, мені бір қатерден құтқардың, бұл жақсылығыңды өлте - өлгенше ұмытпаймын, өлсем Сені сыйлап жүр деп Бақатайға өсиет айтып кетем» деп бетінен сүйіп батасын береді де, «Ертең түске бәрің қонаққа келіндер, бір қойымды сойып, араққа тойдырамын» деген екен.

Қайран әкелерім - ай, аузын ашса жүрегі көрінетін қарттардың бүгінде орнын сипап қалдық қой.

Берікбол ҚАСЫМОВ.
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы",
Матай Бөрібай батыр қорының төрағасы.

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев жұмыс сапары аясында Жетісу облысының Кербұлақ ауданына барып, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Кездесудің негізгі тақырыбы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын жүзеге асыру болды.

Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов модераторлық етті. Ол өңірде тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму, инфрақұрылымды жаңғырту және кеңейту, кәсіпкерлік ба-стамаларды қолдау, сондай-ақ қоғамдық тұрақтылықты нығайту бағыттары бойынша жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Кербұлақ ауданы әкімінің міндетін атқарушы Жанат Жүнісбеков Жолдаудың іске асырылу барысы туралы баяндады. Ол жыл басынан бері барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өскенін атап өтті. Өңірдегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі қолданыстағы кәсіпорындардың жоғары деңгейдегі жаңғыртылуының нәтижесінде 39,7 млрд теңгеге жетті. Инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы және бизнесті дамытуға қолайлы жағдайлардың жасалуы арқылы оң қарқын қамтамасыз етілуде.

Аграрлық сала, жаңа нысандарды салу, білім беру және денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңартуда да өзгерістер байқалады. Аудандағы жұмыссыздық деңгейі 5,1%-дан 4,8%-ға төмендеді, орташа айлық жалақы 304 мың теңгені құрады. Әлеуметтік қызметтерді цифрландыру арқылы жәрдемақы тағайындаудың ашықтығы артты және алушылар саны шамамен 39%-ға қысқарды.

Кездесу барысында Мәлік От-



арбаев Президент Жолдауы жеті басым бағытты қамтитынын атап өтті: цифрландыру, экономикалық даму, инновациялар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және құқық тәртібін нығайту. Ол «Заң мен тәртіп» идеологиясының, сондай-ақ, «Таза Қазақстан» және «Адал азамат» бағдарламаларының тұрақты және әділетті қоғам қалыптастырудағы маңызды рөлін ерекше атап көрсетті.

Президент кеңесшісі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізуге ерекше көңіл бөліп, оларды елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, экономикалық өсімді жеделдетуде, мемлекеттік басқарудың тиімділігін күшейтуде, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда негізгі құрал ретінде қарастырды. Сонымен қатар ол жастардың цифрлық дағдыларды тез меңгеріп, инновациялық шешімдер жасай алатынын ерекше атап өтті. Жаңа ұрпақ Қазақстанның цифрлық трансформациясының негізгі қозғаушы күші болуы тиіс.

Кездесу барысында өз ойларын Кербұлақ ауданының аналар кеңесінің төрайымы Ғалия Ақбасова, жеке кәсіпкер Аулет Қайранов, сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бөкен Рысбеков те білдірді.



ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев жұмыс сапары барысында Жетісу облысының Ескелді ауданына барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Кездесудің негізгі тақырыбы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауының өңірде іске асырылуы болды.

Облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов кездесуді ашып, өңірде әлеуметтік-экономикалық даму, инфрақұрылымды жаңғырту, кәсіпкерлікті қолдау және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов аудан бойынша Жолдауда берілген тапсырмалардың орындалуы туралы айтты. Оның сөзіне қарағанда, биылғы жылы Ескелді ауданына 26,4 млрд теңге инвестиция тартылып, ірі энергетикалық жобалар жүзеге асырылуда, өнеркәсіп өнімі көлемі 9,1 млрд теңгеге дейін өсіп, агроөнеркәсіп кешенінде заманауи технологияларды енгізу арқылы 45,1 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ауданда 13,7 шақырым жол жөнделіп, 40 шақырымнан астам су құбыры жаңартылды, 19 елді - мекен газбен қамтылды, әлеуметтік осал санаттағы азаматтар үшін 20 үй сатып алынып, мектептер мен медициналық нысандарды жөндеу жұмыстары жалғасуда. Шағын және орта бизнестің төрт мыңға жуық субъектісі жұмыс істеп, 7,5 мыңнан астам адамды

жұмыспен қамтып отыр, туризм саласы да дамып келеді.

Кездесуді жалғастан Мәлік Отарбаев Президент Жолдауы жеті негізгі бағытты қамтитынын атап өтті. Олардың қатарында цифрландыру, экономиканы дамыту, инновациялар, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және құқықтық тәртіпті нығайту бар. Сонымен қатар «Заң мен тәртіп» идеологиясын, «Таза Қазақстан» және «Адал азамат» бағдарламаларын іске асырудың маңыздылығына тоқталып, олардың тұрақты әрі әділ қоғам қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды. Президент кеңесшісі цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсудің, басқару тиімділігін, қауіпсіздікті және азаматтардың өмір сапасын жақсартудың негізгі құралдарына айналып отырғанын жеткізді. Бұл процестерде цифрлық дағдыларды тез меңгеретін және инновациялық шешімдер жасай алатын жастардың рөлі айырықша, сондықтан жаңа буын елдің цифрлық трансформациясының қозғаушы күші болуы тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ, кездесу барысында Ескелді ауданының мәслихат депутаты Үміт Тортаева, «Нам» шаруа қожалығының басшысы Герман Нам және Ескелді ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалабек Тастанбаев сөз сөйледі.

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША.

(Соңы. Басы өткен санда).

Әйелімді алыста,
Өксітіп үйде қалдырдым.
Жапан түзде жол шегіп,
Қорқыттай-ақ қаңғырдым.
Күн күркіреп аспанда,
Найзағай ойнап жатса да,
Жанарымды жандырдым.
Мен халқымды сүйемін,
Оған қоныс табамын.
Шалқып жатқан шалғынның,
Шұрайлы жерін аламын.

Өстіп жүрген Өтегеннен Асан
Қайғы -

Өтеген деген сенбісің?
Қамал бұзған ермісің?
Мың күн жортып жол-жолай,
Тауда кезген күлжадай.
Жаһанды кезіп жүрмісің?
Неге тыным таппайсың?
Үйіңе неге қайтпайсың?
Шарламаған жерің жоқ,
Судан өзге құрлықты,
Жол қып жортып таптайсың.

Өтегеннің жауабы:

Жортқан жолым мың тарау,
Шаршадым, рас өң қашты.
Жүретін жолым тұйықтау,
Қиынырақ жол табу.
Жаһанда жол көп, я өлу,
Керек, я маған жер табу.
Жетісу елім, аймағым,
Қыстауым да жайлауым.
Соған алып баратқан,
Бар жаңалық хабарым.
Елім жаңа қонысқа,
Күткеннен өмір жайнауын.
Құмырсқа да илеуін,
Шегіртке де жырасын,
Іздемей ме жайлы орын?
сұрайды:
Бозторғай да ұясын?
Өркім жайды көздеген.
Балық та су іздеген.
Халқым үшін мен қалай,
Сұлу жерді іздемен?...
... Көрініп таудай құмдар да,
Аспан жерге түскендей,
Күн өртеніп жанғанда.
Тұңғыық құм шөліркеп,
Жапанда журт талғанда.
Көз ұшында нардай боп,
Күнге күйген жардай боп,
Көріңді көзге бір шаһар,
Өлуге енді қалғанда.
Далада сусып құм көшіп,
Тек қана ыстық жел есіп,
Өлген түйе сүйегі,
Қадам бассан кездесіп,
Көрінеді көзің қалғанда.
Құдық пен құдық арасы,
Айшылық десем жалған ба?!
Кездеспейді жалғыз көл,
Шөл далада қалғанда.
Өтеген батыр жорытып,
Қырық күншілік жол жүрді.
Жапан түзде жалғанда.
Құмайтты, құмды, құмықты,
Торланған қара бұлтты,
Асу асып шындарды,
Шулаған қара орманды,
Көрді Өтеген сарбазы...
Ақыры жаздың көктемі,
Қара орманның көктеуі,
Түлеп тоғай, шалқар көл,
Сезілді жаздың жеткені.
Бұлақ ағып таулардан,
Гүлдер жарып баулардан,
Тұрған шақта Өтеген
Жолды тауып төтеден,
Жиделі-Байсын жеріне,
Көріңді көзге өткені.
Өтеген, сенің іздеуің,
Жер-жаһанды кезгенің,
Іздегенде осындай,
Жер еді ғой көздеуің.
Жер жаннаты кезболды,
Көреме сенің көздерің?
Қарашы қызыл арайға,
Көресің бе, ұнай ма?
Дақсыз ашық аспанда,
Балықша бұлттың жүзгенін?
Көрдің бе таң шапағын,

ТӘНІРБЕРГЕН ҚАЛИЛАХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА!

АЛТЫН БЕСІҚ - ЖЕТІСУ

Жердегі гүлдің тізбегін?
Малынған бау-бақшада,
Жемістің жер сүзгенін?
Ауызға түскен жалғанда,
Жемісі тәтті балданда,
Жерді жыртып егілген,
Дәмі тәтті дәнненде.
Ақ мактасы күмістей,
Жері кілем-пүлістей,
Өтеген, анық көрдің бе?
Мұнан басқа тағы да,
Барма артық іздерің?
Ту тушадай қояны,
Қыран дай ірі торғайы,
Көресіңбе, әнеки,
Жай барахат малдары,
Жайлауда жусап жаңдары.
Рахатта жүргенін?
Ешкілері жылқыдай,
Ертегі болған Домбайда,
Осы жерді сүйіп ыңғайға,
Қоныстауға меңзеген.
Меруерттей суында,
Қаз бен кус жоқ жүзбеген.
Туған шаһар бақыттары,
Қоңыр ала қыздары,
Көздеген жерден кезкелген.
Қазақ халқы белгілі,
Осы жерден бақыт ілгелі,
Тұрғандай- ақ сездірген.
Осы жерде, Өтеген,
Демінді ал, көзің сал,
Кезе бермей қияны,
Осы жерде демінді ал...

Жамбылдың түйіндеуі:

Әй, Өтеген, Өтеген,
Ередің сен ертеден.
Шартарапта шарқ ұра,
Қалпыңды бұзып жыланған.
Қайта тұрсаң молаңнан,
Молаңнан шығып, ояңған,
Жетісуға қарасаң-
Көрер едің көз салсаң,
Бақытынан нұр жауған,
Көререйді бақытты,
Қазақстан халқынан. "Жамбыл Жабаев",
Каз.гос.лит. издат. 1957 жыл. 115-183-беттер.

Осылайша Ұлыжүз қазақтарының Өтеген батыры өзбек қоңыраттарының Алпамыс, қырғыздардың Манасымен үндесіп, Алпамыс - Алып Маныс көксеген арманды қоса арқалап, ол да Жиделі-Байсын-Жетісуға келіп тыныстайды. Мұның өзінен ертедегі бір, осы кезде әрқайсысы әр түрлі ұлт болып кеткен өзбек, қырғыз, қазақ халықтарының бір замандағы арманы астар, ойы ортақ болғанын көреміз. Бәрінің іздегені "Жерұйық", ол Жиделі-Байсын-Жетісу екен. Сонау он бесінші ғасырда өзбек жерінен үдере көшіп, Қазақстандай байтақ мемлекет құрған қазақтардың шын мәнінде жай-жапсарын ұғу үшін, осы келтірілген аңыз эпостардың пайдасы аз болмаса керек. Халық аузындағы осындай мол қазынаға құлақ қоймай келгендіктен қазақ секілді бүкіл бір халықтың бір кездегі күрес, таласқа, өріс, қоныс үшін қан кешкен ұрыстарға, үдере көшіп, үркуге толы жалпақ бір дәуірі ескерусіз қалып, бұл мемлекеттің дүниеге келуі "Екі ханның өкпе араздығынан" ғана болды, деген тұжырым жасалды.

Сонымен, "Жиделі-Байсын" ертегінің елесі емес, бүкіл бір халықтың қырылып, жойылып, қарсыласа қан кешіп жүріп қорғаған құтты мекені, ақыры қазақ халқының арқа сүйер аймағы, болашақ бай мемлекеттің ұйтқысы болған ортасы екен. Соңда бұл жердің табиғаты қандай екен? Бұл жөнінде орта жүз қазағы Ілияс Жансүгіровты тыңдап көрелік.

Жетісу кеудең асқар, аяғың-көл.
Қойның құм, мықыңыңда бар сексеуіл.
Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,
Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел...
Тарбиған Тарбағатай жердің құты.
Барлық - ол "Қыдыр түнеп

көшкен жұрты",



Тәнірберген ҚАЛИЛАХАНОВ.

Оранған ақ кебенек аруақты Алтай,
Төгіліп бізге таман жатыр мұрты.
Ертеде сол асқардың сәулетіне,
Қиыспай қырғындасқан талай жұрты...
Аршалы, Аман текше, Қара сырық,
Қарауңгір, Қалмақ асу, Қара жырақ,
Сауыры салқын белмен Сайын бөлек,
Суығы соғып тұрады аласұрып.
Қымызын сол жайлаудың ішкен кісі,
"Бәйгеге" қосады өзін таң асырып.
Қып-қызыл жамағандай танды мыспен,
Қорғасын қорығандай су күміспен
Құймағы, қожыр қара жақпарлары.
Арналып отырғандай алып күшпен.
Таутеке, марал, бұғы, тағылары,
Тау-тасын мекендеген жазы-қыспен...
Ыстық көл жер айнасы мөлтілдейді.
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
Аттанған алты өзені Жетісудың,
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.
Бұлқынса анда-санда Ала бура,
Жетісу желпең қағып селкілдейді.
Шу өне тауды тарпып шыққан шулап,
Ойнақтап, ырғып, жосып, таудантулап.
Асқардың ақтарылған ағы емес пе,
Қарық болған қырғыз, қазақ суын сулап.
Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:
"Қолың бер, кут, береке, -дейді Тумақ!"
Ертеден ірге тауып өскен Шуда,
Ұлысы - Ұлы жүздің Үйсін-Дулат.
Шымырлап Іле қайнап құмды кезген.
Қас қақпан, ұйық, дойыр, долы безген.
Алыстан арып көшкен керуендей,
Тоң мойын, томсар улы, тұнжыр көзбен.
Елгеде, егінгеде қарайласпай,
Жылысып, жылжып жатыр бір мінез бен.
Көпірген Көксу көл барбасы Бастау,
Дегенге көшпелі әйнек суы ұйқастау.
Тау жуып, тасты бұзған содыр суы,
Аңқылдайды арнасында

меруерт астау...

Арқырап айқай салған Көксу алып,
Жазыққа шыға келсе үркіп ағып.
Егінші, Ылди дихан жалайырлар,
Үлеседі үй басына тоған алып.
Сол елдің қыдырыңды қыдыры сол,
Сарбала, қара қазан болып қарық.
Мөлтендеп, Мойнақты орай Қараталда,
Көксуға қойындасады жарды жанып.
Қосылып екі ер кесу, екі сұлу,
Балқаштап, қалың құмға кетеді лағып...
Жасанған театрдағы ойыншыдай,
Құздардың көрінеді ақ алаңынан.
Қиынның жынысында бар деседі,
Сілеусін, ілібіс, аю, бұғы, бұлан.
Кәдімгі қасқыр сөрек, қара құлақ,
Шуылдайды шүйе бөрі үй артынан.
Кәдімгі қарсақ, сусар, бұлғын, жанат,
Сол таудың іздейді аңшы тау сыртынан.
Таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық,
Көруге болады бәрін жайылымнан.

Маралды мал ішінен ат пен қуып,
Әкеп жүр ауылына айдап албан.
Ағашқа өзің білген қарағай, тал,
Жалғыз-ақ неше алуан түрлері бар.
Долана, үшқат, шетен, ырғай, арша,
Ақсасық, қызылқайың, барша, шынар,
Шырғанақ, сәңке, терек, сөгет, емен,
Үйеңкі, шырғай, балғын, тораңғылар.
Сарыағаш, қойқарақат, жиде, шетен,
Тобылғы, түйе құйрық, бауыр құрттар,
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,
Сықылды ағашгардың талайы бар.
Биікте бітеді шөптен сары күйік,
Тістеніп жатыр жұлып малы сүйіп.
Қымызын сары күйіктің ішеміздеп,
Албандар қоныстайды күстай биік.
Тау қонақ, шөй шөп, маңқа,

күлын ембес,

Сүттіген, еңлік, киіз киік.
Ақшалғын, көк марал, бетеге, раң,
Жапырақ, теңге, бұйра, қисық иық,
Балдырған, уқорғасын, атқұлақты,
Елік жүр сонысында соны қиып.
Жұлкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр,
Сауыны бие емшектің кеп түр иіп.
Мыңтамыр, жуа, рауаш, жау жапырақ,
Балауса, сарыағаш, селдір, бақ-бақ,
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қара қиық,
Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ.
Ішінде сол құрайдың сұлусолар,
Шырмауық, кендір, қылша, жыланқия?
Қанжыға, қоға, сасық, аңқой болып,
Бөлінеді жуалар мен тау сарымсақ.
Қымыздық, қыз саумалдық

дейтіндер де,

Ат қойған тау елінде сүйіп шын-ақ.
Балқиды шалғын көлдің қамысындай,
Атқұлақ тасарықтың тарысындай.
Ұшқырлы, Сұлы сырлы, Айыл қияқ,
Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай.
Селтендеп селке құрай сырға қадап,
Саржағал сәлемдеседі танысындай.
Жуапар шайқандаған ол бір кербез,
Шалма орап, мұсылманның

абызындай.

Құстандай самал соқса сыбырласады,
Өзілді әйел ажын-абысындай.
Солармен судырласып ойнайды жел,
Дүрмектің көкпар тартқан

шабысындай.

Неше елді аттандырған құтты қоныс,
Әлі түр әсемдігі тауысылмай.
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,
Жерінің Жетісудың бәрі осындай.
Ілияс Жансүгіров. Шығармалары.
Өлеңдері мен Поэмалары. Алматы
1958 жыл, 156-164-беттер.

Әрине, Жетісу өлкесінің табиғи байлығын жалғызғана ақындар көріп,
жырға қосып, аңызға айналдырып кеткен жоқ. Бұл арада поэма, эпостарды халықтың өз аузында бар деректер есебінде келтіріп отырмыз. Ал бұл өлке жөнінде атакты зерттеуші Семенов-Тянь-Шанский бастап толып жатқан географ ғалымдардың анықтамалары бар.

Бұл өлкеге алғаш назар аударған Шоқан Уәлиханов өзінің Қашғарияға бара жатқан сапарында халықтың бір жақсы жері деп атайтын "Шұбарағаш" өлкесіне әдейілеп барып, "Теректіден Шұбарағашқа дейін созылып жатқан кең алқап барлық жағынан тамаша. Өсімдік дегеніңіз тамаша. Кілең жайнаған гүлдер! Таулары қарағай, қайың, тал ормандарына тұнып тұр. Шұбарағаш шаруашылық маңызы жөнінен бүкіл Оңтүстік-Шығыс қыратының ең жақсы өлкесі болар, деп таңданған еді. Ч.В. Избр. Пр. А-Ата, 1958г.

Кейін Алатау өлкесін аралағанда Жетісу жерінің табиғатын жете түсінген Шоқан: Батыс Жоңғария мен Іле округі, Жетісу мен Ыстық көл маңы, - деп жазды, - көшпелі халықтың тамаша мекені ретінде, олардың ерте заманнан бері көшіп-қонып жүретін сүйікті қонысы болды... Бұл жерден қанша халықтың көшіп өткенін бір құдайдың өзі білетін шығар. Әрине, құмды Моңғолиядан қозғалған барлық көшпенділердің жолы, осыншалық кең жайылым, мол суаты бар осы жермен өтуге тиісті болды. Жиделі-Байсын-Жетісу осы!

Ежелден елін еміренген, ақындарын тебіrentкен қоныс!

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде

Жұмыссыз азаматтарды қолдау мақсатында мансап орталығы жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша жыл сайын субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырады.

2026 жылға өтінімді, желтоқсан айының 01-31 дейінгі аралықта «Электрондық еңбек биржасы» порталына (Elbek.kz) «Электронды цифрлы қолтаңба» мен береді. Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінімдер барлық мемлекеттік және коммуналдық мекемелерден, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалық басшыларынан қабылданады.

Жобаның шарты: Бір жылдан астам уақыт жұмыс істейтін, тұрақты түрде салық және басқада әлеуметтік төлемдерді жүргізетін, еңбекақы бойынша мерзімі өткен

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!



МАНСАП
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

берешегі жоқ жұмыс берушілердің барлығы қатыса алады. Жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыс беруші жобаға қатысушыны кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуі тиіс.

Субсидияланатын жұмыс орындары:
Жастар практикасы;
Алғашқы жұмыс орны;
Ұрпақтар келісім шарты;
«Күміс жас» жобасы;
Әлеуметтік жұмыс орындары;
Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру
Қысқа мерзімді кәсіптік оқу;
Қоғамдық жұмыстар;
Ақсу ауданының мансап орталығының мекен - жайы: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, № 5 үй, 1 қабат. Қосымша ақпарат алу үшін телефон номері: 8 - (72832)-2-14-87

МАМАН КЕҢЕСІ

ДИФТЕРИЯ

(КҮЛ НЕМЕСЕ ЖУПАР АУРУЫ)

Дифтерия ауруы негізінен микробтар арқылы, сондай-ақ, ауру адам пайдаланған заттар арқылы тарайды, инфекция бактерия тасығыштардан және сауығып кеткен адамнан да жұғуы мүмкін, өйткені сауығып кеткен адам біраз уақытқа дейін микроб бөлуі мүмкін. Жасырын кезеңі 2-10 күн аралығында өтеді.

Дифтерия ауруының түрлері: Жұтқыншақ дифтериясы Көмей дифтериясы Көз дифтериясы Мұрын дифтериясы Жыныс органдары дифтериясы Дифтерия таяқшасы көп жағдайда көмекей безінің қабығы арқылы еніп, көбейіп және у бөле бастайды. Дифтерия ауруына тән белгі: бүкіл жұтқыншақты жауып тұратын маржандай жылтыраған, немесе ойық-ойық болып тұратын сірі қабық.

Жұтқыншақ дифтериясы – аурудың өте жиі кездесетін түрі, бактериялар қонғаннан кейін жұтқыншақ ісе бастайды да, аурудың дене қызуы көтеріледі, тамағы қарлығып, жөтел пайда болады, таңдайы қызарып, көмейі іседі, алқымы тарылып дем алу қиындайды, мойын ыққа дейін ісінеді, ауру дем ала алмай өліп кетуі де ықтимал.

Ауру асқынып жүрекке, нервтерге, бүйрекке шабуы мүмкін. Температурасы көтеріліп, тамағы ауырған жағдайда сырқатты төсекке жатқызып,

мүмкіндігінше айналасындағылардан бөлектеп дәрігер шақыру қажет. Дифтериямен ауырған адам ауруханаға жатқызылады. Сырқатпен қарым-қатынаста болғандарды бөлектейді, олардың мұрны мен жұтқыншағының шырышты қабығына жасалған бактериологиялық зерттеу нәтижелері анықталады, үй дезинфекцияланады.

Ауру ауалы-тамшылы жолмен беріледі, бірақ дифтерия ауруының қоздырғышы қоршаған ортада төзімді болғандықтан ауру қолданған заттардан да жұғуы мүмкін.

Қазіргі кезде дифтерияға қарсы жаппай егу жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде бұл ауру сирек кездеседі. Бірақ түгел жойылған жоқ. Себебі, уақытында егілмей қалғандар ауруы мүмкін. Дифтерия ауруының алдын-алудың ең маныздысы дифтерия ауруына қарсы егілу.

ҚР Үкіметінің №612 қаулысына сәйкес егу күнтізбегі бойынша дифтерияға қарсы бала 2 айынан бастап екпемен қамтылады. Бала 2 айында, 3 айында, 4 айында, 1 жас 6 айында, 6 жасында АБКДС екпесімен қамтылады.

16 жаста АДСМ екпесімен және ересектер әрбір 10 жыл сайын 26, 36, 46, 56, 66 жасқа толғанда АДСМ екпесімен егілуге тиісті.

Ата-аналар, сіздің және балаңыздың денсаулығы өз қолыңызда, балаңыз және өзіңіз уақтылы егілуіңіз, балаңыздың еліміздің сау азаматы болып өсуіне көмектесіңіз.

ЖРВЖ ЖӘНЕ ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жетісу облысында жыл сайын 700 мыңға дейін жіті респираторлық вирустық аурулар тіркеледі. Ауырғандардың басым көпшілігі 14 жасқа дейінгі балалар, үлес салмағы сырқаттанушылықтың 70% құрайды.

Сырқаттанушылықтың көтерілуі қарашадан басталып, қаңтар, ақпан айларында жоғарғы деңгейге жетеді.

Вирус адамнан адамға ауа-тамшылы жолмен жөтелу немесе түшкіру кезінде, ал кейбір кезде сөйлеу барысында майда бөлшектердің науқас адамнан шығуы арқылы жеңіл тарайды.

Жұқпа көзі - ауру адам, әсіресе сырқаттанғаннан бастап алғашқы 2-3 күндері айналасындағыларға қауіпті. Жұқпаның жасырын кезеңі орташа алғанда 3 күнге дейін. Ауру жіті басталып, клиникалық белгілер тез пайда болады. Алғашқы 24-36 сағаттың ішінде дене қызуы 39-40°C жоғарылайды, бас ауруы, бұлшық еттер мен буындардың ауруы, жөтел, мұрынның бітуі, кейбір науқастарда ауыр жиі тыныс алу, конъюнктивит, асқазан-ішек қызметінің бұзылыстары байқалады.

Жыл сайын иммундауға жататын контингенттерді егу үшін жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина бөлініп, иммундау жүргізіледі. Иммундауға келесі мақсатты топтар жатады: ұйымдасқан жабық мекемелер (бүлдіршіндер, балалар, мүгедектер, қарттар үйі және мектеп интернаттары), жиі ауыратын иммунитеті

төмен балалар мен созылмалы аурулары бар ересек медициналық қызметкерлер, 2-ші, 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер.

Қаразанның 01-нен бастап ауданға облыстық жергілікті бюджеттен 4050 доза тұмауға қарсы вакцина бөлініп, тиісті контингенттер егумен қамтылды.

Тұмауға қарсы арнайы иммундаудан басқа тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жоғарылау кезеңінде жұқпаның арнайы емес алдын алу шараларын да естен шығармауымыз керек. Қазіргі уақытта тұмау және жіті респираторлық вирустық жұқпаның жедел және жоспарлы түрде алдын алу үшін дәрілік заттардың түрлері кеңінен таралған.

Тұмаумен науқастанған адам уақытында медициналық көмекке жүгінгені дұрыс. Науқасқа төсек тәртібі ұсынылады, дәрумендік диета және сұйық тағам түрлерін молынан пайдалану, бөлмесін жиі желдету керек. Тұмаудың алдын алуы жеке бас гигиенасын сақтау жиі қолды сабынмен жуу. Түшкіріп жөтелген кезде ауызды немесе мұрынды бет орамалмен жабу. Мүмкіндігінше халық тығыз орналасқан және жаппай шаралар ұйымдастырған жерлерге бармағаны дұрыс.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫҢЫЗ ҚАЛАЙ?...



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2025 - 2026 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

КҮЛКІ ОЙНАП ТҰРҒАНЫМЕН КЕЛБЕТІНДЕ, МҰҢСЫЗ АДАМ ЖОҚ ДЕР ЕМ ЖЕР БЕТІНДЕ!
P.S. МҰҢСЫЗ АДАМ БОЛМАЙДЫ, МҰҢЫН ЖАСЫРАТЫНДАР БОЛАДЫ...

РЫСКЕЛДІ ЖАХМАН

ХАБАРЛАНДЫРУ!

13.01.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Көшкентал ауылы, Жеңіс Мерекесі көшесі, 71 мекенжайы бойынша Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан "№2 учаске" және "№3 учаске" кен орындарының құрылыс топырақтарын (құрылыс тасын) өндіру бойынша карьерлері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: "ЖОЛ" ЖШС, БСН 041140004530, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Геология көшесі, 129А ғимарат. Тел. 87777793888, too_zhol@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны өзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru. Тел.87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

13.01.2026г. в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Аксуский район, с.Кошкентал, ул.Женис Мерекеси 71 будут проводиться общественные слушания для карьеров по добыче строительных грунтов (строительного камня) месторождений «Участок №2» и «Участок №3», расположенных в Аксуском районе области Жетісу.

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ЖОЛ», БИН 041140004530, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, село Каргалы, улица Геология, здание 129А. Тел. 87777793888, too_zhol@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 87771719039, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2254

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.
Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттің басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.